

|                                                                                                                                       |                                                                                            |                                |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------|
|  <b>QAZAQGAZ</b><br><small>ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small> | <p align="center">«QazaqGaz» ҰК» АҚ<br/>тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі</p>   |                                |
| <p>Редакция: № 1<br/>Сәйкестендіру коды:<br/>П-03-25</p>                                                                              | <p align="center">«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саясаты</p> | <p align="right">б е т   1</p> |

«QazaqGaz» ҰК» АҚ  
Директорлар кеңесінің  
2025 жылғы «24» сәуір №07/25  
шешімімен **бекітілген**

## «QAZAQGAZ» ҰК» АҚ-ның ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ САЯСАТЫ

Астана қаласы, 2025 жыл

|                                                                                                                        |                                                                      |           |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------|-----------|
|  <b>QAZAQGAZ</b><br>ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ | «QazaqGaz» ҰК» АҚ<br>тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі    |           |
| Редакция: № 1<br>Сәйкестендіру коды:<br>П-03-25                                                                        | «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саясаты | б е т   2 |

### Алғысөз

«QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 18.04.2017 жылғы № 8 шешімімен бекітілген КТГ П-02-17. «ҚазТрансГаз» АҚ және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі жөніндегі саясатының **орнына**

**Қайта қарау күні:** 2028 жыл.

|                                                                                                                        |                                                                      |           |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------|-----------|
|  <b>QAZAQGAZ</b><br>ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ | «QazaqGaz» ҰК» АҚ<br>тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі    |           |
| Редакция: № 1<br>Сәйкестендіру коды:<br>П-03-25                                                                        | «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саясаты | б е т   3 |

## Мазмұны

|                                                                                                                                                                                      |    |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----|
| 1. Мақсаты мен қолданылу саласы                                                                                                                                                      | 4  |
| 2. Нормативтік сілтемелер                                                                                                                                                            | 4  |
| 3. Терминдер мен анықтамалар                                                                                                                                                         | 4  |
| 4. Қысқартулар мен белгілеулер                                                                                                                                                       | 5  |
| 5. Жауапкершілік және өкілеттіктер                                                                                                                                                   | 6  |
| 6. Негізгі бөлімі                                                                                                                                                                    | 6  |
| 7. Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесіне қатысушылардың функциялары                                                                                                         | 9  |
| 8. Тәуекелдерді басқару процесінің стратегиялық жоспарлау және операциялық қызмет, бюджеттеу, инвестициялық және қаржылық қызмет және персоналды ынталандыру процестерімен байланысы | 12 |
| 9. Қажетті тәуекел мәдениетін айқындау                                                                                                                                               | 13 |
| 10. Тәуекел-аппетитті айқындау                                                                                                                                                       | 14 |
| 11. Тәуекелдерді анықтау (сәйкестендіру)                                                                                                                                             | 14 |
| 12. Тәуекелдерді бағалау                                                                                                                                                             | 15 |
| 13. Тәуекелдерге басымдық беру                                                                                                                                                       | 17 |
| 14. Тәуекелдерге әрекет ету                                                                                                                                                          | 17 |
| 15. Тәуекелдерге кешенді көзқарас                                                                                                                                                    | 17 |
| 16. Маңызды өзгерістерді бағалау                                                                                                                                                     | 17 |
| 17. Тәуекелдерді және қызмет тиімділігін талдау (факторлық талдау)                                                                                                                   | 18 |
| 18. Тәуекелдерді басқару тиімділігін арттыру                                                                                                                                         | 18 |
| 19. Ақпарат және технологияны пайдалану                                                                                                                                              | 18 |
| 20. Қайта қарау, өзгерістер енгізу, сақтау және тарату                                                                                                                               | 18 |
| 1-қосымша                                                                                                                                                                            | 19 |

|                                                                                                                        |                                                                      |         |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------|---------|
|  <b>QAZAQGAZ</b><br>ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ | «QazaqGaz» ҰК» АҚ<br>тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі    |         |
| Редакция: № 1<br>Сәйкестендіру коды:<br>П-03-25                                                                        | «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саясаты | бет   4 |

## 1. Мақсаты мен қолданылу саласы

1.1 Осы «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саясаты (бұдан әрі – Саясат) «Самұрық-Қазына» АҚ-ның тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саясатына, «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Корпоративтік басқару кодексіне, «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның ішкі құжаттарына (бұдан әрі - Қоғам), Трэдвэй Комиссиясының Демеушілік Ұйымдары Комитетінің (COSO) ұсынымдарына және тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау саласындағы өзге де үздік тәжірибелеріне сәйкес әзірленді.

1.2 Саясат Қоғамдағы тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың корпоративтік жүйесін ұйымдастырудың негізгі принциптері мен тәсілдерін айқындайды.

1.3 Осы Саясаттың күші барлық қызмет түрлеріне қолданылады.

1.4 Қоғамның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері өз міндеттерін жүзеге асыру және қойылған міндеттерді іске асыру кезінде Саясатты басшылыққа алуға міндетті.

1.5 Саясат «QazaqGaz» ҰК» АҚ тобына кіретін, дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызын Қоғам тікелей немесе жанама түрінде иеленетін еншілес және тәуелді ұйымдарға қолданылады.

1.6 Саясат Қоғамның интернет-сайтында орналастырылады және оның негізгі ережелері Қоғамның жылдық есебінде ашылады. Саясатпен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қоғамның өзге де ішкі нормативтік құжаттарымен реттеледі. Қазақстан Республикасының заңнамасы немесе нормативтік актілері өзгерген және осы Саясаттың жекелеген баптары оларға қайшы келген жағдайда, бұл баптардың күші жойылады. Саясатқа тиісті өзгерістер енгізілген сәтке дейін Қазақстан Республикасының құқықтық актілерін басшылыққа алу қажет.

## 2. Нормативтік сілтемелер

2.1 Саясатта Трэдвэй комиссиясының Демеушілік ұйымдары комитеті әзірлеген «Ұйымның Тәуекелдерін басқару. Стратегиямен және қызмет тиімділігімен интеграциялану» тұжырымдамасына («Enterprise Risk Management. Integrating with Strategy and Performance») сілтемелер қолданылды.

## 3. Терминдер мен анықтамалар

3.1 Саясатта келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

|                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
|---------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Тәуекел иесі</b>             | Қоғамның белгілі бір тәуекелді басқару аспектілеріне жауапты жұмыскер, құрылымдық бөлімше немесе алқалы органы;                                                                                                                                                                                                              |
| <b>Процесс тәуекелінің иесі</b> | бизнес-процестің иесі;                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |
| <b>Ішкі бақылау</b>             | Директорлар кеңесі, Басқарма және Қоғам жұмыскерлері жүзеге асыратын, операциялық мақсаттарға, есептілікті дайындау және заңнаманы, ішкі нормативтік құжаттардың талаптарын сақтау саласындағы мақсаттарға қол жеткізуге қатысты «ақылға қонымды сенімділікті» қамтамасыз етуге арналған процесс ТБКЖ бөлігі болып табылады; |
| <b>Тәуекелдер картасы</b>       | тәуекел регистрінің графикалық бейнесі (тік осі бойынша тәуекелдің әсері көрсетілген тікбұрышты кесте, ал көлденең бойынша тәуекелдің туындау ықтималдығы);                                                                                                                                                                  |

|                                                                                   |                                                                                                 |                              |
|-----------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------|
|  | <p align="center"><b>«QazaqGaz» ҰК» АҚ</b><br/>тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі</p> |                              |
| <p>Редакция: № 1<br/>Сәйкестендіру коды:<br/>П-03-25</p>                          | <p align="center">«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саясаты</p>      | <p align="right">бет   5</p> |

|                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
|----------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Негізгі тәуекелдер көрсеткіші (НТК)</b>                                 | тәуекел факторларының өзгеру тенденциялары және Қоғам қызметіне теріс әсер етуі мүмкін тәуекелдерді іске асыру туралы сигнал беретін индикатор;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
| <b>Бақылау (бақылау рәсімі)</b>                                            | тәуекелді жүзеге асыру ықтималдығын азайтуға немесе оның салдарын азайтуға мүмкіндік беретін ішкі бақылау элементі, құжатталған әрекеттер жиынтығы, жүйелердің конфигурациясы немесе процестерді ұйымдастыру, бақылау процедурасы бизнес-процестердің ажырамас бөлігі болып табылады;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
| <b>Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі (тәуекелдерді басқару)</b> | Қоғамның құнын құру және сақтау кезінде Қоғам сүйенетін Қоғамның барлық процестеріне (стратегиялық жоспарлаудан бастап операциялық қызметке дейін) интеграцияланған мәдениет, құзыреттер мен тәжірибелер;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
| <b>Тәуекел профилі</b>                                                     | тәуекелдердің түрлерін, әсер ету дәрежесін және өзара тәуелділігін, олардың Қоғам қызметінің нәтижелеріне салдарын қарауға мүмкіндік беретін Қоғам тәуекелдеріне кешенді шолу;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |
| <b>Тәуекелдер тізілімі</b>                                                 | Қоғамның сәйкестендірілген маңызды тәуекелдері туралы ақпаратты қамтитын құжат;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
| <b>Тәуекел</b>                                                             | Қоғамның стратегиялық, операциялық және іскерлік мақсаттарына қол жеткізуге теріс әсер етуі мүмкін ықтималды оқиға;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
| <b>Тәуекел-аппетит</b>                                                     | қойылған мақсаттарға қол жеткізу кезінде, Қоғам үшін қолайлы тәуекел және/немесе залал мөлшері;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
| <b>Тәуекел бөлімі</b>                                                      | тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыруға жауапты Қоғамның құрылымдық бөлімшесі;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
| <b>Толеранттылық</b>                                                       | тәуекелді іске асыру салдарынан нақты бизнес-мақсатқа қол жеткізуге қатысты ауытқудың қолайлы деңгейі;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
| <b>Тәуекелдерді басқару (Тәуекел-менеджмент)</b>                           | Қоғам құнды құру, сақтау және іске асыру кезінде (тәуекелдерді басқару үшін) сүйенетін, Қоғамның барлық процестеріне интеграцияланған мәдениет, құзыреттер, әдістер мен тәсілдер (стратегиялық жоспарлаудан бастап тиімділікті басқаруға дейін). Тәуекел-менеджмент корпоративтік басқарудың негізгі элементтерінің бірі болып табылады; ұйымның барлық деңгейлерінде басқару шешімдерін қабылдау процесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Саясатта «тәуекелдерді басқару», «тәуекел-менеджмент», «тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі (ТБКЖ)» терминдері бір-бірінің орнына қолданылады; |
| <b>ТБКЖ қатысушысы</b>                                                     | Директорлар кеңесі, оның комитеттері, Ішкі аудит қызметі, Басқарма, Қоғамның жұмыскерлері мен құрылымдық бөлімшелері, Тәуекел-бөлімше, тәуекел-үйлестірушілер және Комплаенс қызметі.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |

Саясатта ашылмаған терминдер мен анықтамалар Қазақстан Республикасының заңнамасында, Жарғыда және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарында айқындалған мағынада пайдаланылады.

#### 4. Қысқартулар мен белгілеулер

4.1 Саясатта келесі қысқартулар мен белгілеулер қолданылады:

|             |                                                    |
|-------------|----------------------------------------------------|
| <b>COSO</b> | Тредвей комиссиясының Демеушілік ұйымдар комитеті; |
| <b>ТБАЖ</b> | Тәуекелдерді басқарудың автоматтандырылған жүйесі; |

|                                                                                                                        |                                                                      |           |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------|-----------|
|  <b>QAZAQGAZ</b><br>ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ | «QazaqGaz» ҰК» АҚ<br>тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі    |           |
| Редакция: № 1<br>Сәйкестендіру коды:<br>П-03-25                                                                        | «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саясаты | б е т   6 |

|               |                                                                                               |
|---------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>ТБКЖ</b>   | Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі;                                                 |
| <b>Қоғам</b>  | «QazaqGaz» ҰК» АҚ;                                                                            |
| <b>Саясат</b> | «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау корпоративтік жүйесінің саясаты; |
| <b>ІАҚ</b>    | «QazaqGaz» ҰК» АҚ Ішкі аудит қызметі.                                                         |
| <b>ЕҰ</b>     | Еншілес ұйымдар                                                                               |

## 5. Жауапкершілік және өкілеттіктер

5.1 Тәуекел-бөлімшенің басшысы Саясатты әзірлеуге, өзектендіруге, сондай-ақ Саясат ережелеріне түсініктеме беруге жауапты болып табылады.

5.2 Тәуекел-бөлімше Саясатты Қоғамның интернет-сайтында орналастыруды, сондай-ақ Қоғамның жылдық есебінде Саясаттың негізгі ережелерін ашуды қамтамасыз етеді.

5.3 Саясат ережелерін дұрыс қолданғаны үшін жауапкершілік Директорлар кеңесінің, Қоғам Басқармасының мүшелеріне және Қоғамның басқа да жұмыскерлеріне жүктеледі.

## 6. Негізгі бөлімі

### 6.1. Корпоративтік тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің мақсаттары мен міндеттері.

6.1.1 ТБКЖ корпоративтік басқару элементтерінің бірі, жоспарлау, басқару шешімдерін қабылдау процестерінің ажырамас бөлігі болып табылады және стратегиялық және операциялық мақсаттарға қол жеткізудің ақылға қонымды сенімділігін қамтамасыз етуге арналған.

6.1.2 ТБКЖ міндеттері:

а) тәуекел мәдениетін арттыру және Қоғам қызметінің барлық аспектілеріне ТБКЖ-ны интеграциялау;

б) Қоғамның мақсаттарға қол жеткізуге қауіп төндіретін жағдайлардың алдын алу, жағымсыз оқиғаларға тиімді ден қою және мұндай жағдайлардың салдарын (егер олар орын алса) қолайлы деңгейге дейін қысқарту қабілеті есебінен, Қоғам қызметі нәтижелерінің құбылмалылығын төмендету;

с) Қоғамның құны мен кірістілігін ұзақ мерзімді перспективада арттыру үшін мүмкіндіктерді пайдалану.

д) Тәуекел иелері тәуекелдерді сәйкестендіру мен бағалауды дербес жүргізуі, тәуекелдерді басқарудың стандартты әдістерін қолдануы және олардың негізінде тәуекелдерді азайту жөніндегі іс-шараларды немесе тәуекелдерді басқару жөніндегі бақылау рәсімдерін әзірлеуі үшін тәуекелдермен жұмыс істеудің осындай жүйесін құру;

е) тәуекелдерді басқару процесін Қоғам қызметін жүргізу мен басқарудың негізгі процестеріне интеграциялау;

6.1.3 ТБКЖ Қоғамның әрбір қызметкерінен басталады, осыған байланысты ТБКЖ тиімділігі белгілі бір шектеулерге ие. Қателіктер, екі немесе одан да көп адамның келісімі, адам факторына қатысты басқа шектеулер компанияның мақсаттарына жетуде абсолютті кепілдікке ие болуға мүмкіндік бермейді, тек ақылға қонымды сенімділік беру мүмкіндігіне әкеледі.

6.1.4 ТБКЖ түсіндіруіндегі түсініспеушіліктерді болдырмау үшін, келесі маңызды жайттарды атап өткен жөн:

а) Тәуекелдерді басқару тек функция немесе бөлім болып табылмайды. Тәуекелдерді басқару – бұл компанияның барлық процестеріне біріктірілген мәдениет, құзыреттер мен тәжірибелер;

б) Тәуекелдерді басқару тәуекелдерді тіркеу процесімен шектелмейді және тек ішкі бақылаумен байланысты емес. Тәуекелдерді басқару стратегиямен, корпоративтік басқарумен, мүдделі тараптармен коммуникациямен және қызмет тиімділігін басқарумен өзара байланысты;

|                                                                                                                        |                                                                      |         |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------|---------|
|  <b>QAZAQGAZ</b><br>ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ | «QazaqGaz» ҰК» АҚ<br>тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі    |         |
| Редакция: № 1<br>Сәйкестендіру коды:<br>П-03-25                                                                        | «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саясаты | бет   7 |

с) Тәуекелдерді басқару құнды құруға және сақтауға шоғырланған, тәуекел мәдениетіне және тәуекелдерді кешенді шолуға акцент жасайды;

д) Тәуекелдерді басқару чек-парақ болып табылмайды. Тәуекелдерді басқару оларға сәйкес бизнес-процестерді құруға болатын принциптерді қамтиды және қызмет тиімділігін бақылау және жақсарту жүйесі болып табылады.

е) Бизнес-процестің иесі өз қызметі саласындағы тәуекелдерді басқару процесіне дербес жауапты болады.

## 6.2. Корпоративтік тәуекелдерді басқару жүйесінің компоненттері

6.2.1 Тәуекелдерді басқару процесінің тиімді жұмыс істеуі мақсатында, Қоғам өз қызметінің барлық деңгейлерінде ТБКЖ-ның мынадай өзара байланысты компоненттерін басшылыққа алады:

1) **Корпоративтік басқару және мәдениет.** Корпоративтік басқару мен мәдениет бірге ұйымның тәуекелдерді басқарудың барлық басқа компоненттерінің негізін құрайды. Корпоративтік басқару ұйымның тәуекелдерін басқару процесінің маңыздылығын арттыра отырып, ұйымға қарқын береді;

2) **Стратегия және мақсат қою.** Қоғамдағы тәуекелдерді басқару стратегия мен бизнес мақсаттарын анықтау процесі арқылы акционерлік құнды арттыру стратегиясына интеграцияланады. Бизнес-контекстті түсіну арқылы Қоғам ішкі және сыртқы факторлар мен олардың тәуекелге әсері туралы түсінік бере алады;

3) **Қызметтің тиімділігі.** Қоғам өз стратегиясын жүзеге асыру және алға қойған бизнес мақсаттарына Қоғамның жету қабілетіне әсер етуі мүмкін тәуекелдерді анықтайды және бағалайды;

4) **Талдау және қайта қарау.** Қызметтің тиімділігін талдау арқылы, Қоғам белгілі бір кезең ішінде және елеулі өзгерістер болған жағдайда, Қоғамның тәуекелдерді басқару компоненттерінің қаншалықты жақсы жұмыс істейтінін, сондай-ақ қандай өзгерістер енгізу керектігін бағалай алады;

5) **Ақпарат, коммуникация және есептілік.** Коммуникация - бұл жалпы Қоғам шеңберінде ақпарат алу мен бөлісудің үздіксіз, қайталанатын процесі. Басшылық Қоғамның тәуекелдерді басқару процесін қолдау үшін ішкі және сыртқы көздерден алынған ақпаратты пайдаланады. Қоғамда тәуекелдерді басқару бойынша тұрақты есептілік көзделген

6.2.2. Ішкі бақылау ТБКЖ компоненттерімен тығыз қиылысатын компоненттерден тұрады: бақылау ортасы (ұйымдастырушылық құрылымды, адалдық пен этикалық нормаларды, басшылық философиясы мен стилін, кадр саясатын, жұмыскерлердің құзыреттілігін қамтиды, «басқару және мәдениет» компонентімен қиылысады), тәуекелдерді бағалау («қызмет тиімділігі» компонентімен тығыз қиылысады), бақылау процедуралары (тәуекелдерді басқарудың бөлігі болып табылады), ақпарат және коммуникациялар, мониторинг («өзгерістерді мониторингтеу және енгізу», «ақпарат, коммуникация және есеп беру» компоненттеріне тығыз сәйкес келеді).

6.2.3. Ішкі бақылау ТБКЖ-ның ажырамас бөлігі екенін және ТБКЖ-мен ішкі бақылаудың компоненттері бір-бірімен тығыз байланысты екенін ескере отырып, мағынасы жағынан ұқсас принциптердің қайталануын болдырмау үшін, Саясатта бақылау рәсімдеріне қойылатын талаптарды сипаттау бөлігінде кеңейте отырып, тек ТБКЖ құрылымы бойынша принциптер ұсынылған. Бұл ретте, басқалармен қатар мыналарды ескеру қажет:

- ТБКЖ құнды құруға және сақтауға назар аударса, ішкі бақылау нақты мақсаттарға жете алмау тәуекелдеріне әрекет ету шараларын қабылдауға бағытталған;
- ішкі бақылау тұжырымдамасынан өзгеше ТБКЖ тұжырымдамасы Тәуекел-аппетитті, Толеранттылықты, тәуекелдерді кешенді шолуды анықтауды қамтиды, тәуекел-мәдениетке баса назар аударады, бұл ретте жоғарыда тізімделгендер ішкі бақылау жүйесінің жұмысына айтарлықтай әсер етеді.

|                                                                                                                        |                                                                      |           |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------|-----------|
|  <b>QAZAQGAZ</b><br>ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ | «QazaqGaz» ҰК» АҚ<br>тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі    |           |
| Редакция: № 1<br>Сәйкестендіру коды:<br>П-03-25                                                                        | «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саясаты | б е т   8 |

### **6.3. Корпоративтік тәуекелдерді басқару жүйесінің негізгі принциптері.**

6.3.1 Тәуекелдерді басқару саласындағы негізгі принциптер, бірақ төмендегілермен шектелмейді:

1) Интеграциялану. Тәуекелдерді басқару корпоративтік басқарудың маңызды құрамдас бөлігі және Қоғамды басқарудың жалпы жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Тәуекелдерді басқару процестері бизнесті жоспарлау мен стратегиялық мақсаттар қоюды қоса алғанда, негізгі бизнес-процестерге интеграциялануы керек. Тәуекелдерді басқару Қоғамның барлық бизнес функцияларын, құрылымдық бөлімшелерін, жұмыс органдарын (комиссияларды, жұмыс топтарын) қозғайды. Тәуекелдерді басқару ішкі бақылау жүйесімен тікелей, оның ішінде тәуекел-аппетитті белгілеу, мақсаттар мен онымен байланысты тәуекелдерді каскадтау, қызметтің процестік және операциялық деңгейлерінде тәуекелдерді басқаруды ұйымдастыруды қамтамасыз ету арқылы өзара байланысты.

2) Жүйелілік және үздіксіздік. Тәуекелдерді басқару жүйелі болып табылады және тәуекелдерді басқару процесін тұрақты және дәйекті жүзеге асырудан тұратын және ішкі және сыртқы ортаның өзгеретін жағдайларына бейімделетін үздіксіз процесс болып табылады.

3) Тұтастық. Жекелеген тәуекелдерді басқару және тәуекелдерді басқару жөніндегі әртүрлі процестерді іске асыру тәуекелдерді басқарудың жалпы жүйесі шеңберінде жүзеге асырылады.

4) Экономикалық орындылығы. Тәуекелдерді басқару жүйесі Қоғамның көлеміне, ұйымдық құрылымына, стратегиясы мен мақсаттарына сәйкес келуі керек. Тәуекелдерді басқару процесінде тәуекелдердің ықтималдығын (тәуекелдердің жиынтық деңгейін) ескере отырып, тәуекелдерді басқару шығындарының және тәуекелдердің Қоғамға жиынтық әсерінің ақылға қонымды теңгерімі ескерілуі тиіс. Тәуекелдерді азайту жөніндегі іс-шаралар мен шараларға қаржылық және өзге де ресурстарды бөлу тәуекел деңгейімен айқындалатын, Қоғам үшін тәуекелдің маңыздылық дәрежесін, сондай-ақ тәуекелге ден қою жөніндегі іс-шараның басымдылығын және іс-шарадан күтілетін әсерді ескере отырып жүзеге асырылады.

5) Жауапкершілік. Тәуекелдерді басқару Қоғам басшылығының да, барлық құрылымдық бөлімшелердің, жұмыс органдары мен жұмыскерлердің де жауапкершілік саласына кіреді.

### **6.4. «Үш қорғаныс желісі» моделі.**

6.4.1. Қоғамның ТБКЖ архитектурасы үш қорғаныс желісінің принципіне негізделген.

6.4.2. Қорғаудың бірінші желісін Қоғамның барлық құрылымдық бөлімшелері өз құзыреті шеңберінде әрбір жұмыскер атынан қамтамасыз етеді. Құрылымдық бөлімшелердің басшылары анықталған тәуекелдер туралы ақпаратты анықтау, өлшеу (бағалау), жинау және тәуекел-бөлімшеге беру, олардың қызметіне тән, оның ішінде персоналға, өнімдерге (қызметтерге), процестер мен жүйелерге байланысты тәуекелдерді бақылау үшін жауапты болады. Сондай-ақ, Құрылымдық бөлімшелердің басшылары анықталған тәуекелдерді азайту жөніндегі іс-шаралар жоспарларын уақтылы әзірлеуге және орындауға, бақылау дизайнын айқындауға/ құжаттауға/жетілдіруге және бақылау рәсімдерін орындауға, сеніп тапсырылған бизнес-процестер шеңберінде тәуекелдер мен бақылаулар матрицасын тұрақты негізде әзірлеуге жауапты болады. Басқарма мүшелері жетекшілік ететін бөлімшелер ішінде тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі құжаттарда көзделген рәсімдердің орындалуын қамтамасыз етуге және оларды бақылауға жауапты болады.

6.4.3. Қорғаудың екінші желісін операциялық, қаржылық, заңдық, комплаенс тәуекелдерін, сондай-ақ еңбекті қорғау, өнеркәсіптік, корпоративтік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы тәуекелдерді басқару процестеріне жауапты бөлімшелер қамтамасыз етеді. Қорғаудың екінші желісі құрылымдық бөлімшелердің (бизнес-функциялардың) тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың тиімді практикасын енгізуін мониторингтеуге, заңнама мен Қоғамның ішкі

|                                                                                                                        |                                                                      |         |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------|---------|
|  <b>QAZAQGAZ</b><br>ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ | «QazaqGaz» ҰК» АҚ<br>тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі    |         |
| Редакция: № 1<br>Сәйкестендіру коды:<br>П-03-25                                                                        | «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саясаты | бет   9 |

нормативтік құжаттарының сақталуына жауап береді. Екінші қорғаныс желісі қорғаныстың бірінші желісіне тәуелсіз және бақылау және/немесе қадағалау функцияларын жүзеге асыратын басқа бөлімшелерді қамтуы мүмкін.

6.4.4. Қоғамның Ішкі аудит қызметі (бұдан әрі - ІАҚ) үшінші қорғаныс желісін (тәуелсіз кепілдік) ұсынған. ІАҚ тиімділікке тәуелсіз аудит жүргізеді және тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылауды жетілдіруге ықпал етеді, Қоғамның Аудит жөніндегі комитеті мен Директорлар кеңесіне тікелей баяндайды, оларға тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігіне тәуелсіз баға береді.

## **7. Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылаудың корпоративтік жүйесіне қатысушылардың функциялары.**

7.1. Қоғамның Директорлар кеңесі ТБКЖ қадағалауды жүзеге асыруда шешуші рөл атқарады және тәуекелдерді басқару саласында мынадай функцияларды жүзеге асырады:

7.1.1. Саясат шеңберінде: ТБКЖ ұйымдастырудың принциптері мен тәсілдерін, ішкі бақылауды ұйымдастыруға және бақылау рәсімдерін жүргізуге қойылатын талаптарды, Қоғамның тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы ТБКЖ қатысушыларының рөлдерін бөлуді бекітеді;

7.1.2. Тәуекел-аппетитті, Толеранттылықты, Негізгі тәуекел көрсеткіштерін, Тәуекелдер тіркелімін, картасын, Тәуекелдерге ден қою жөніндегі іс-шаралар жоспарын, Қоғамның тәуекелдері бойынша шоғырландырылған есептерді бекітеді;

7.1.3. Шешімдер қабылдау кезінде ілеспе тәуекелдерді ескере отырып, Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін мәселелерді тиісінше қарауды қамтамасыз етеді;

7.1.4. Тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың қолданыстағы жүйесі Қоғамның Директорлар кеңесі айқындаған, оны ұйымдастырудың принциптері мен тәсілдеріне сәйкес келетініне және тиімді жұмыс істейтініне көз жеткізу үшін тиісті шаралар қабылдайды, оның ішінде (бірақ онымен шектелмей) ішкі аудит қызметінің ТБКЖ мен ішкі бақылаудың тиімділігін бағалау туралы есептерін қарайды, сыртқы аудиторлардың ішкі аудитті жақсарту жөніндегі қорытындыларын талдайды тәуекелдерді ішкі бақылауды және басқаруды жақсарту жөніндегі қорытындысын қарастырады.

7.2. Қоғамның Директорлар кеңесі ол қажетті тәуелсіздік, дағдылар, тәжірибе және бизнес білімі бар-жоғын және тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылауды қадағалауды жүзеге асыру үшін Қоғам қызметінің ағымдағы мәселелері бойынша толық ақпаратқа қол жеткізе алатынын өзі үшін тұрақты негізде айқындауы тиіс.

7.3. Қоғамның аудит жөніндегі комитеті Қоғамның Директорлар кеңесіне ТБКЖ сенімділігі мен тиімділігін бақылау және ішкі бақылау мәселелері бойынша жәрдем көрсетеді.

## **7.4. Қоғам Басқармасы тиімді ТБКЖ ұйымдастыруға жауапты болады және мынадай функцияларды жүзеге асырады:**

7.4.1. Осы Саясаттың ережелерін және тәуекелдерді басқару жөніндегі басқа да ішкі құжаттарды іске асыру және олардың сақталуын қамтамасыз ету;

7.4.2. Саясат шеңберінде және оны тиісінше іске асыру мақсатында тәуекелдерді басқару жөніндегі жекелеген рәсімдерді, процестерді, нұсқаулықтарды сипаттайтын тиісті ішкі құжаттарды бекітеді;

7.4.3. Директорлар кеңесіне, Аудит жөніндегі комитетке Директорлар кеңесі айқындаған тәртіпке сәйкес Тәуекелдерді басқару туралы есептерді қарауға және бекітуге ұсыну;

7.4.4. Қоғамның тәуекелдерін басқару жөніндегі есептерді шоғырландырылған негізде қарау және алдын ала мақұлдау және өз құзыреті шеңберінде тиісті шаралар қабылдау;

|                                                                                                                                       |                                                                                            |                               |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------|
|  <b>QAZAQGAZ</b><br><small>ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small> | <p align="center">«QazaqGaz» ҰК» АҚ<br/>тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі</p>   |                               |
| <p>Редакция: № 1<br/>Сәйкестендіру коды:<br/>П-03-25</p>                                                                              | <p align="center">«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саясаты</p> | <p align="right">бет   10</p> |

7.4.5. Қоғамның тәуекелдерін сәйкестендіруге және бағалауға мүмкіндік беретін тиімді ТБКЖ жұмыс істеуін ұйымдастыру;

7.4.6. тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі жұмысының тиімділігі жөніндегі есептерді қарау;

